

Мәслихаттың 2016 жылғы 11 мамырдағы № 24 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 369 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 наурызда № 9041 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 401 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 21.09.2020 № 401 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Амангелді аудандық мәслихатының "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 11 мамырдағы № 24 шешіміне (2016 жылғы 10 маусымда "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6400 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларында:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер:

1) өтініш берілмеген болса;

2) оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7, 8-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда Амангелді ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.";

көрсетілген шешімнің 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы
Амангелді аудандық мәслихатының хатшысы

З. Нурханова
К. Кеделбаев

Амангелді аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 12 наурыздағы
№ 369 шешіміне
1-қосымша

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына
1-қосымша

Жиналыстар мен митингілерді өткізу орындары

№	Жиналыстар мен митингілерді өткізу орындары
1	Наурыз алаңы

Амангелді аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 12 наурыздағы
№ 369 шешіміне
2-қосымша

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына
2-қосымша

Шерулер мен демонстрацияларды өткізу маршруттары

№	Шерулер мен демонстрацияларды өткізу маршруттары
1	Ахмет Байтұрсынов - Әубәкір Дүйсенбин көшелерінің қиылысы – Таңатқан Палуан көшесі – Наурыз алаңы